

**«ӘДЕП» КОНЦЕПТІСІНІҢ АЯСЫНДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ,
АҚЫЛ-ПАРАСАТ ҰҒЫМДАРЫНЫҢ КӨРІНІСІ**

Ермекбаева Майра Аманбековна

maira_08@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1 курс
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Т. Әбдіғалиева

Кез келген халықтың тілі – сол халықтың ұлттық ерекшеліктерін, болмыс-бітімін, салт-дәстүрін көрсететін айнасы іспетті және сол рухани құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші құрал.

Соңғы жылдары тіл білімі ғылымында тіл сол тілде сөйлеуші ұлттың тарихымен, мәдениетімен, танымымен тығыз байланыста қарастырылып, сол арқылы тілдің ұлттық ерекшелігі, өзіне тән болымысы мен табиғатын ашу тұрғысынан зерттелуде. Ғалым М. Балақаев «ғасырлар бойы жасалып, үздіксіз даму, жетілу процесіндегі тілдің тарихи дәуірлері оны жасаушы халықтың тарихымен, ой-санасының даму процесімен байланысты» – деп, адам танымының тілдің тарихынан маңызды орын алатынын айтады [1,10].

Тіл үнемі табиғатпен, қоғаммен бірлесе дамып отырады. Зерттеуші Г. Әбікенова «қоғам өмірінде болып жатқан құбылыстардың бәрі тілден орын тебеді де, тіл арқылы халық қазынасына айналады. Сонда тіпті кейбір сөздер арқылы ел басынан өткен кезеңдерді көзге елестете аламыз да, қоғам дамуының белестері тіл дамуын сүзіп шығуға мүмкіндік береді. Сөйтіп қоғам мен тіл бірінсіз бірі күн кеше алмаса керек. Ендеше халық тарихы оның тілінде, яғни тіл фактілері арқылы біз халық тарихын тануға мүмкіндік аламыз. Тіл кез келген танымдық іс-әрекеттердің құралы болып табылады» деген пікір айтады [2,32].

Тіл мен сананы, тіл мен танымды біртұтас жүйе ретінде қарастыруды когнитивтік лингвистика өз нысанына алады. Когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі – концепт. Концепт – кез келген ұғым емес, ментальды, ұлттық сипаттағы құрылым. Ол белгілі бір мәдениеттің табиғатын ашуға көмектесетін тетік ретінде анықталады. Белгілі бір мәдениетті тану үшін концепт деп қолданылатын күрделі ұғымдар, әсіресе, жалпыадамзаттық, жалпыхалықтық, жалпыұлттық құндылықты білдіретін ұғымдарды тани аламыз.

Орыс тіл білімі зерттеушілері концепт ұғымы мен оның қалыптасуы тілдің семантикалық мазмұны арқылы ажыратылады дей келе, тілді үш түрлі семантикалық топқа мәдени сөздер, ғылыми сөздер, идеологиялық сөздер, деп бөледі. Соның ішінде мәдени сөздерді – әлеуметтік ортада қалыптасады, мақсаты – социумда мазмұндық сипат алған концептілерді рухани санада тіл арқылы бекіту, нақтылау деп көрсетеді [3,14]. Біз зерттеу нысаны ретінде алып отырған «әдеп» лексемасы ұғым аясы кең, күрделі құрылымды концепт мәртебесіне лайық. Адам баласымен заманалар бойы жасасып келе жатқан тілдік құбылыс. Әдеп концептісі барлық мәдениетте кездеседі. Алайда оның стереотиптік және аксиологиялық белгілері әр мәдениетте әр түрлі. Философтардың, әлеуметтанушылардың тұжырымдауынша, әдеп ілімі халқымыздың бойындағы ізгі қасиеттерді үлгі, өнеге етіп, қоғам мен тұлғаның адамгершілік санасының құрылымын қарастырып, жақсылық-жамандық, адалдық, парыз, намыс, ар-ұят, ақыл-парасат, жауапкершілік сияқты т.б. категориялардың мәні мен мағынасына талдау жасайды. Ал

әдептілік – адамның қоғамда қабылданған әдеп талаптарын бұлжытпай орындауы. Әдептілік адам бойына бірден біте қоймайды. Ол бала кезден қалыптасып, біртіндеп адам санасы мен жүріс-тұрысының ажырамас бөлігіне айналады. Философ ғалым Т. Ғабитов «қазақтың дәстүрлі әдеп мәдениеті дүниенің екі бөлігі табиғат пен адамның етене жақын болғандығы мен олардың еншісі бөлінбеген күйде өмір сүргендігін куәлайды. Мұның басты негізіне көшпелілік өмір салты жатады» деп халқымыздың әдеп туралы түсінігі ертедегі көшпелілік заманнан бастау алғанын жазады [4, 131].

«Әдеп» концептісінің халқымыздың тарихи танымында ертеден қолданылуы көптеген мақал-мәтелдерде, тұрақты тіркестер мен көркем шығармаларда қолдануы арқылы анықталады.

Сөздіктерде берілген «әдеп» сөзінің мағынасына келетін болсақ, Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде әдепке мынадай түсінік берілген:

Әдеп 1. Халықтың әдет-ғұрпында қалыптасқан этикалық тәртіп. 2. Сыпайыгершілік, ізеттілік. ♦ Әдеп көрген – көргенді, ибалы. Әдеп сақтады – ибалық жасады, ізет сақтады. Әдептен озбады – сыпайыгершілік жасады, ұят сақтады» деп берілген [5,82].

Бұларға мынадай мысалдар келтіруге болады: «Киіз үйден шыққан жас келіншек *әдеп сақтап*, есік көзінен ұзамай, келген жолаушыларға ұмтылмай тұрып қалды» (О.Б), «Жүректен қозғайын, *Әдептен озбайын*, Өзі де білмей ме? Көп сөйлеп созбайын» (А.Қ), «*Әдептілік* ар-ұят – Адамдықтың белгісі, Тұрпайы мінез, тағы, жат – Надандықтың белгісі» (А.Қ), «Ар қайда? Рахым қайда? *Әдеп* қайда? Быт-шыт боп неге жүрміз әрбір сайда?» (Ш.Қ.).

Ал ғалым Ә.Қайдардың этнолингвистикалық сөздігінің «Адамның зиялы қасиеттеріне қатысты ұғымдардың жалпы тізімінде» әдепке «қоғамдағы ең жақсы адам – әдепті адам. Әдепті адамға әдептілік тән. Әдептілікті кейде «инабаттылық» деп те атай береді. Әдепті адам – «инабатты ізетті, кішіпейіл, сыпайы, тәрбиелі адам». Әдептілік сонымен бірге, «қайырымдылық», «мейрімділік», «жанашырлық», «адамдық», «адалдық», «кешірімділік», «ар», «ұят» деген сияқты т.б. ұғымдарды қамтиды. Әдептілік байырғы ата дәстүрінен бастау алады адамның болмысымен біте қайнасып жатады. Адамның әдебі оның жүріс-тұрысынан, басқа адамдармен қарым-қатынасына көрінеді» деп сипаттама береді [6,35].

Әдепті адам туралы мынадай әңгімені мысал етуге болады. «Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатып иіліп, бас ұрып сәлем берді дейді. Оған қарсы әлгі үлкен әкім төре онан да төменірек бас ұрып сәлем алды.

Қасындағы бай:

– Тақсыр, осынша жұрттың үстінен қараған әкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша бас ұрасыз? – деп айтты.

Сонда әкім:

– Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп, әдептілігін көрсеткенде, мен онан әдепсіз болып қалайын ба? – деді дейді» (Ы.А.)

Әдептілік жайында ғибратты әңгімелер де көп. Солардың бірінде былай делінген: «Бір данышпаннан «Осынша данышпандықты қайдан үйрендіңіз?» деп сұрағанда, «Әдепсіздерден» деп таң қалдырыпты. «Өйткені әдепсіздердің әрбір жағымсыз қылығынан бір сабақ алуға болады» деп жауап берген екен [7, 101]. «Әдепті әдепсізден үйрен» деген мақал осы әңгімеден шықса керек.

Қазақ халқы әдепті үлкенді сыйлаудан, инабат, ізет көрсетіп, кішіпейіл болудан бастап, оны жастарда әдетке айналдыруға тырысқан. Сол арқылы әдептілік нормаларын тудырған. Оны әдепті ұлттық менталитеттің өзекті мәселесі деп білетін қазақ халқының «Адам – әдебімен көрікті», «Әдеп басы – тіл», «Әдеп – ақылдан артық», «Әдеппен сөйлеп әдеттен», «Әдеп – әдет емес, жөн – әдет», «Өзек қуа ағады, өзен судың саласы, алыстан сәлем береді, әдепті елдің баласы», «Жасында әдеп үйренбеген кісіден, өскен соң қайран

жок» сияқты мақал-мәтелдерден аңғаруға болады [8]. Бұл мақал-мәтелдерден қазақ танымындағы «әдеп» концептісінің халық санасында көркем дүниемен бейнеленіп, әрбір бейнеленген көркемдік дүние тілдегі ұғымның модельденуіне ықпал етіп тұрғанын көруге болады. Қазақтың ұлттық ерекшеліктерін көрсететін мұндай тілдік бірліктерді халық ауыз әдебиеті үлгілері мен көркем шығармалардан көптеп кездестіруге болады. Соның ішінде адам бойындағы адамгершілік қасиеттер мен жағымсыз мінез-құлқы, әдеттері бейнелі түрде көрсетілген мақал-мәтелдерде ұлттық болмыс туралы деректер мол. Академик Ә. Қайдардың «Мақал-мәтелдер де этнолингвистика арналарының ең құнарлы бұлақтарына жатады. Әрбір мақал-мәтелдің бойына этнос болмысына, оның рухани заттық мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. қатысты бай информация жинақталғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесі зор» деген пікірі соның дәлелі [9, 25]. Төменде берілген әдепке байланысты мақал-мәтелдерде әдеп компоненті қоршаған ортамен, материалдық дүниемен салыстырыла отырып, халықтың танымынан, оның дүниені қабылдауынан ақпарат береді. Абстрактілі ұғым болып табылатын әдеп концептісі метафора, салыстыру негізінде дерексіз заттармен салыстыру арқылы әр түрлі ассоциациялар тудырады. Мысалы: «Әдептілік – әдемілік», «Әдеп – ар жемісі, ұят – адамдық жемісі», «Аз сөз – әдеп, жақсы амалдарды қорғауға себеп» деген мақалдарды қарастырайық. Мысалдардағы әдепке қатысты ұғым – *әдемілікке, ар жемісіне, алтын сабырға, аз сөзге* теңестірілген. Бірінші мақалда «әдепті дегенше, әдемі десейші» деген нақыл сөздегідей әдепті, көркем мінезді адамның әдемі, сүйкімді болатынын, екінші мақалда әдепке бай болсаң ар-ұятыңның да мол болатынын, үшінші мысалда «көп сөз – көмір, аз сөз – алтын» деген халық даналығында айтылғандай әдепті адам сөз қадірін білетін сыпайы болатынын білдіреді.

Сондай-ақ, «әдеп» концептісі мақал-мәтелдерде сөз тіркес құрылымдас болып, деректі затқа, тіпті тірі жан иесіне теңестірілу арқылы да табиғаты айқындала түседі. Бұған келесі мақалдар дәлел бола алады: «Әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен *тал* артық»; «Әдепсіз бала ауыздықсыз *атпен* тең, ақылды қария жазып қойған хатпен тең»; «Әдептің әліппесі – *әйел*»; «Әдепті жігіт – *қылықты қыз*». Осы келтірілген мақалдардың алдыңғы екеуінде әдепсіз адам, бағусыз өскен қисық ағаш сияқты, жүгенсіз кеткен аттай тәртіпсіз болатынын білдірсе, соңғы екеуінде әдептілік әдемі, ибалы әйелден бастау алып, адамгершілік пен адамдыққа ие сыпайы азаматтарға тән екенін меңзеп тұр. «Әдеп» концептісі халық танымында ұлттық ғалам бейнесінің компоненті ретінде мақал-мәтелдерде осылайша көрініс табады. Бұл мақалдар қазақ халқында әрқашан әдептілікті құрмет тұтып, сыпайы, кішіпейіл адамды басқаларға үлгі ете білгендігін, жас ұрпақтың тәрбиелі болып өсуіне ерекше көңіл бөлгенін көрсетеді.

А. Әмірбекова еңбегінде поэтикалық мәтіндегі мазмұн концептісі талқыланады. Зерттеушінің пікірінше, концептідегі мазмұн «автордың дүниені жан-жақты танып, оның қыры мен сырын тереңнен өлшеп, өз пайымдауындағы үйлесімді суреттермен өрнектеген бейнесі. Автордың дүние туралы поэтикалық бейнесін айқындау үшін концептілік жүйеге сүйенеміз. Концептілік жүйе – концептілік құрылымдардың реттелген формасы» деп, концептілік құрылымдар санада әртүрлі формада – қарапайым форма (фрейм), күрделі форма (скрипт), оқиғалы форма (сценарий), сызбалы форма (схема), бейнелі формада (ойсурет) бейнеленеді» деп тұжырымдайды [3, 44].

Енді қысқаша концептілік құрылымдарды әдепке қатысты қарастырайық. Фрейм – бұл концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын концепт типінің қарапайым формасы. Ғалымдардың айтуынша, фрейм көбінесе заттың немесе құбылыстың лексикалық мағынасы, оның тұлғаның энциклопедиялық және этнолингвистикалық білімі негізінде санада көрініс табуы. Фрейм концептінің ең жақын семаларынан құралып, ең жақын ассоциативтік таңбалар арқылы бейнеленеді. Мысалы, «әдеп» концептісінің фреймдік құрылымда танылуы: «*Әдептілік – тәрбие бастауы*» «*Әдептілік – адамдықтың белгісі*».

Ал концептілік жүйенің оқиғалы формасы – сценарийде концептінің идеясын танытатын эпизод фрагменттерінен құралады. Мысалы, «Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені», «Әдепті бала ата-анасын мақтатар, әдепсіз бала ата-анасын қақсатар». Осылайша сценарийлік мазмұн адам санасында тереңнен сақталған стереотиптік таңбалар негізінде ашылады.

Ойсурет – концептілік құрылымдарды бейнелі формада таныту болып табылады. Ол бейне, символ, метафора, аллегория арқылы танылады. Мысалы, «Әдеп – алтын сабырың, жетелейтін мұратқа», «Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала» [8]. «Әдеп» ұғымы қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілері мен көркем шығармаларында тілдік бірліктер арқылы бейнелі түрде көрініс тапқан. Бұл тілдік бірліктер халықтың мәдени танымы мен рухани болмысы туралы мәліметке бай.

Әдеп ең алдымен адам қарым-қатынасынан көрініс табады. Қарым-қатынас – ақпарат алысу барысында адамдар арасында болатын күрделі өзара әрекеттестік, сонымен қатар бірін-бірі қабылдау және түсіну процесі. Қарым-қатынас кез келген жанды нәрселердің барлығына тән, алайда қарым-қатынас адамда ғана вербальды және вербальды емес әрекет арқылы саналы түрде болады. Сол себепті де адамдар қарым-қатынасы – адам боп қалыптасудың ең маңызды белгісі. Онсыз өндірістік қызмет те, рухани құндылықтарды қалыптастыру мен игеру де, тұлғалық қалыптасу мен даму да мүмкін емес. Қарым-қатынас осы процестердің пайда болуына, дамуына әсер етеді. Ал осы қарым-қатынас барысында бірінші адамның әдебі, сол арқылы мінез-құлқы, ақыл-парасаты көрінеді. Жақсылық, кең пейілділік, адалдық, өзгелерге деген сыйластық сияқты жақсы мінез-құлыққа ие адамдар әдепті адамның үлгісі бола алады. Оның бәрі адамның әдеп нормалары мен құндылықтарды түсінуіне, білуіне, қарым-қатынас кезіндегі әдептілігіне байланысты. Ол туралы жақсы мінез-құлық, ақыл-ой сұлулығы, парасат, адамгершілік, азаматтық сияқты қасиеттерді ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп қалдырған түркі халықтарының XI ғасырдағы классикалық шығармасы – Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дастанында кеңінен айтылады. Мысалы:

«Іздеген жан болсын жібек мінезді,
Көңілі таза, тілі майда, жігерлі!

Аяса өзін, мекерлікті білмесе,
Жауыз істің маңынан да жүрмесе.

Жиған малын ысыратып, шашпаса,
Құлқын оңдап, жөн-жосыққа бастаса.

Құрмет қылса үлкендерге өзінен,
Кішілерге мейрім төксе сөзімен.

Паңдықпенен қорсынбаса кісіні,
Күлкі қылып, басынбаса кішіні.

Кісілерді кішіктікпен тыңдаса,
Кіші сөзін аяқ асты қылмаса, [10, 50] – деген жыр жолдарымен автор жақсы мінез-құлық жөнінде айта келіп, әдепті адамның қандай болу керектігінің үлгісін береді.

«Тіл, жүрегің шырын болсын, қайда да,
Сөз бен есті тектен текке лайлама.

Қастық қылма, арамдықты сайлама,
Тый құлқынды, жақсылық қыл қайда да.

Жұрт алдында аузыңды бақ, лепірме,

Кісі үйінде көз қадірін кетірме», [10, 39-40] – деп адамды үлкенге құрмет, кішіге ізет сияқты әдептен бастап, қанағат, сабыр, кішіпейілдік, т.б. ізгі қасиеттерге ие болуға, арсыз қылықтардан өзін аулақ ұстауға шақырады. Жақсы мінез-құлықты, ақыл мен парасатқа бай болу – әдепті болудың белгісі екенін көрсетеді. Бұл шығарма сол дәуірдің өзінде белгілі бір дәрежеде әдеби-мәдени дәстүрдің көркемдік-эстетикалық танымның қалыптасқан мектебінің болғанын, олардың этикалық дүниетанымы мен әдеп сақтау, ар-ұят, абырой сынды құндылықтық әлемін көрсетеді. Біздің ата-бабаларымыз әдептілік, инбаттылық, ізеттілік, сияқты жақсы қасиеттер мен тәлім-тәрбиені ұрпақтан-ұрпаққа мирас ете отырып, ұлт тәрбиесіне осылайша айырықша мән берген.

Қорыта келгенде, қазақтың ұлттық әдебі қазақ мәдениетінің көрінісі ретінде ұлттық ерекшелік пен мәдени универсалийді талдаудың нысаны бола алады. «Әдеп» концептісі тұлғаның моральдық-өнегелілік, этикалық көзқарасын, тұлғалық қалыптасуы мен қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын, іс-әрекетін бейнелейтін, сондай-ақ белгілі бір ұлттың рухани танымдық ерекшеліктерін айқындайтын тілдік концепт болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы, 1989 – 96 б.
2. Әбікенова Г. Когнитивтік лингвистика. – Семей, 2008, 118 б.
3. Әмірбекова А. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі. – Алматы, 2006 – 107 б.
4. Ғабитов Т. Философия.– Алматы, 2018, 304 б.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008, 968 б.
6. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Т. 1 . Адам – Алматы, 2009– 780 б.
7. Ғибратты әңгімелер. – Алматы, 2016, 143 б.
8. Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабы. – Алматы, 2015, 632 б.
9. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1988, 304 б.
10. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы, 2006, 640 б.